

Бекітемін: 
№21 «Алпамыс» әрбекжар-балабақшасының
менеджерісі: Э.Ж.Нурмаганбетова



**Вариативтік бөлімнің
2020-2021 оқу жылына арналған
тақырыптық жоспары.**

«Балапан» мектепалды даярлық кезекші тобы

**Топ тәрбиешілері: Алгазиева Райкуль
Уразымбетова Гулдана**

«Шебер қолдар»

(вариативтік бөлім)

«Балапан» мектепалды тобы

*Топ тәрбиешілері: Алгазиева Райкуль
Уразымбетова Гулдана*

2020 жыл

Түсінік хат

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Негізгі ережелер 28.11. 2008 жылғы №628 бұйрығымен жүзеге асырылуда. «Зерек бала» бағдарламасы Қазақстан Республикасының жаңа МЖМБС –на сүйене отырып, мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») жүзеге асып, МЖМБС талаптарына сай болуына көңіл бөлініп отыр. 2012 жылдың 20-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігінің №557 бұйрығы бойынша вариативтік оқу бағдарламасын бекіту туралы бұйрығы негізінде ересек топта 3 сағат енгізілді. 3сағат «Таным» білім беру саласынан (Логика) 1 сағат «Қатынас» білім беру саласынан (Ертегілер елінде) 1сағат, «Шығармашылық» беру саласынан «Шебер қолдар» 0,5 сағат, «Денсаулық» білім беру саласынан (Өзіңді тани біл) 0,5 сағат болып бөлінді. Жыл сайын бала дамуында, өз құралпастарының қатарынан қалып бара жатқан бала саны көбейіп келеді. Адамның қолы- ол бір құрал іспеттес, қол, баланың дамуына әсерін тигізеді.

Тәжірибеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын аттағанда (6-7) жас 70-80 пайызы саусақ маторикаларының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны, жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауларына әкеліп соғады.

Саусақ маторикаларының нашар дамуы көбінесе ауырушаң, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан да біз «Шығармашылық» білім беру саласынан «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу) –ді кіргізуге ұйғардық.

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.
2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен ұзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдырмайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мүсіндегенде қолға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тұзды қамырдан мүсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

«Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу)

Р/с	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Апта күні
1	Қыркүйек	1. «Күз сыйлығы» 2. «Добым, добым дөңгелек»	2 2	03/10-09 17/24-09
2	Қазан	1. «Жүзік» 2. «Алтын балық»	2 2	01/08-10 15/22-10
3	Қараша	1. «Үйрек» 2. «Торғай»	2 2	29/05-11 12/19-11
4	Желтоқсан	1. Үй жануары «Қозы» 2. «Шыршаға арналған ойыншықтар»	2 2	26/03-12 10/14-12
5	Қаңтар	1. «Мен, менің достарым жануарларым» 2. «Аққала»	2 2	24/31-12 07/14.01
6	Ақпан	1. «Ұшак» 2. «Машина»	2 2	21/28.01 29.04-06.05
7	Наурыз	1. «Анама арналған гүл» 2. «Қуыршаққа арналған моншақтар»	2 2	04/11.02 18/25.02
8	Сәуір	1. «Түймедақ» 2. «Адам бейнесі»	2 2	04/11.03 18/25.03
9	Мамыр	1. «Гүлді алма ағашы» 2. «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	2 2	01/08.04 15/22.04
	Барлығы		36сағат	

Сиқырлы сандар

(вариативтік бөлім)

«Балапан» мектепалды тобы

Топ тәрбиешілері: Алгазиева Райкуль
Уразымбетова Гулдана

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Сиқырлы сандар» вариативтік бөлік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Сиқырлы сандар» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мақсаты:

Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

Міндеттері:

- *Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

Мазмұны:

Түс және пішін

- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуралармен танысу
- Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру
- 10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету
- Заттардың көлемдерін анықтау
- Ауызша есептеу дағдыларын дамыту

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі	Мақсаты
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1	02.09	Дидактикалық үлестірмелер, суреттер	Балалардың көз зердесін қалыптастыру
2	Түс және пішін	1	09.09	Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажырата білу
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру	1	16.09	Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1	23.09	Суреттер	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
5	«Біз нешеуіміз»	1	30.09	Үлгі, суреттер	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту
6	Суретпен жұмыс	1	07.10	Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білу
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1	14.10	Сурет	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту
8	«Сиқырлы қоржын» (Ойын)	1	21.10	Таңбалар үлгісі, сандар	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру

9	Танысфигураларды ата	1	28.10	Сандар	Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
10	Геометриялық фигуралармен танысу	1	04.11	Фигуралардың суреттері, атаулары	Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
11	«Сәулетші» ойыны	1	11.11	Сандар, суреттер	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру
12	Қызықтытекше	1	19.11	Кестелер, суреттер	Сандардың ретін меңгерту
13	Көңілдісанамақтар	1	25.11	Сандар, суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1	02.12	Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйрету
15	«Жылдам ойлан!»	1	09.12	Фигуралардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты тандай білуге дағдыландыру
16	Сырсандық білімдарларға	1	23.12	Фигуралар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру
17	Бүтін және бөлік	1	30.12	Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру
18	Сұйық және сусымалы	1	06.01	Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету
19	Қайуақыт, сағатнеше?	1	13.01	Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту

20	Заттардың орналасуы	1	20.01	Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру
21	Ойынесептер	1	24.01	Суреттер	Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту
22	Теңге, монеталар.	1	03.02	Суреттер	Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру
23	Ойын «Кімтапқыр?»	1	10.02	Сандар,суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу.
24	Арифметикалық лото (Ойын)	1	17.02	Кестелер	Қосу және азайту тәсілдерін пысықтау.
25	Есептер шығару	1	24.02	Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
26	«Кім жылдам?»	1	03.03	Сандар	Балалардың қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
27	Тез есепте!	1	10.03	Сандар	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру
28	Ойынесептер «Ойлан тап!»	1	17.03	Сандар	Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету

29	20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету «Сандардың орнын тап» ойын	1	24.03	Кестелер	20-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру
30	Сандар құрамымен жұмыс	1	31.03	Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үйрету
31	Ойнай отырып, ойла	1	07.04	Сандар	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
32	Математикалық эстафета	1	14.04	Сандар	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту
33	Логикалық есептер	1	21.04	Сандар	Балалардың логикасын дамыту
34	«Орналасу ретін тап» ойыны	1	28.04	Сандар	Сандарды ретімен орналастыра алуды үйрету
35	Санамақ жұмбақ	1	05.05	Сандар	Балаларды сандарды санауға үйрету
36	Тура және кері санау	1	12.05	Сандар	Балаларды тура және кері санауға үйрету, алған білімдерін бекіту
Барлығы			36 сағат		

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар

5. Б.М.Қосанов, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан қызықты жаттығулар

6. Ш.Х.Құрманалина, М.Жұмабекова, Р.Өміртаева

Математикаға арналған дидактикалық материалдар

7. Л.В.Кириллинская, А. Сәулебаева, М.К. Абаева –Бегалиева

Сиқырлы математика «Шикүла және К» 2010 жыл

8. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл

9. С.Мадалиева

Сиқырлы математика елі

Құрастырушы –автор: С.Т.Аймағанбетова

«Бәрін білгім келеді»
(вариативтік бөлім)

«Балапан» мектепалды тобы

Топ тәрбиешілері: Алгазиева Райкуль
Уразымбетова Гулдана

2020 жыл

- Танымдық түрдегі қосымша ақпараттар беру;
- Балаларды еркін сөйлеуге, өз ойын жеткізе білуге, есін дамытуға, мәнерлеп айта білуге үйрету;
- «Өлі және тірі» табиғат арасындағы байланысты үйрету;
- табиғатты қорғай білуге, қамқор болуға үйрету;
- балалардың жыл бойы алған білімдерін ойын арқылы, ойын-тапсырмаларда, сауалнамалар арқылы бекіту, жаттықтыру;
- Сөздік қорын белсендіру және бекіту, сөйлеуде эпитеттер, нақылдарды қосуға бағдарлау.

Білу керек:

1. Антоним, синоним, салыстыру не екенін;
2. Мезгілдік өзгерістерді
3. Экологиялық өлеңдер мен әңгімелер мазмұнын;
4. Экологиялық тізбектерді

Ұғына алу керек:

1. Антоним, синоним, салыстыруларды қолдана білу
 2. Өлі және тірі табиғат байланысын
 3. Саналы жауап беру, ой ұшқырлығы
 4. Көркем әдебиеттің мазмұнын айта білу
- Ересек, даярлық топтағы балаларға арналған.
Жылдық сағат саны 36- аптасына 1 рет.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АТАУЫ

№	Тақырыбы	Мақсаты	сағат ты	мерзімі
1.	Табиғат туралы түсінік.	Балаға күнделікті өмірден байқағандарына сүйене отырып, оларға қоршаған дүниеге не енетінін ұғындыру. Қоршаған дүниені бақылап, байқағандарын қорытындылай білу арқылы дүниені танып-білуге болатындығын түсіндіру. Оларға экологиялық тәрбие беру.	1	01.09.20
2.	Жыл мезгілдеріне саяхат	Олардың ерекшеліктері туралы білімдерін тиянақтау. Табиғаты атты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.	1	08.09
3.	Өсімдіктер қалай өседі?	Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттіліктегі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. Тәжірбиелік жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту. Экологиялық тәрбие беру.	1	15.09
4.	Біз доспыз бәрімен.	Табиғат пен адам арасындағы байланысты түсіндіріп қалыптастыру. Балалардың табиғатқа деген жан дүниесін ояту. Су, жылу туралы білімдерін бекіту. Табиғаттың әрбір тамшысына қуанып, оны қорғай білуге, табиғаттың барлық бөлшектерімен дос болуға баулу.	1	22.09
5.	«Табиғат әсемдігі» (сайыс сабақ)	Балаларға табиғат туралы түсінік бере отыра оларды табиғатты аялауға, қамқорлық жасауға үйрету. Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Экологиялық тәрбие беру, ұжымшылдыққа және бір-біріне көмектесе білуге үйрету. Табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.	1	29.09
6.	Күз келді (саяхат сабақ).	Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту, күз туралы түсінік беру. Күз мезгіліне байланысты ортаның өзгеруіне қарай жәндіктердің өмір сүруге бейімделуі, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы білім беру. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу.	1	06.10
7.	Құстар – біздің досымыз.	Балаларға құстар туралы түсінік бере отырып Қазақстанда кездесетін құстардың түрлерімен таныстыру. Құстардың әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы әңгімелеу. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеті сөздік қорын дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға, оларды күтуге тәрбиелеу.	1	13.10

8.	«Өсімдіктердің қасиеттері мен құрлысымен таныстыру»	Өсімдіктер жайлы білімдерін бекіту (бөлме өсімдіктері, жабайы өсімдіктер, емдік шөптер) Бөлме өсімдіктері жайлы түсініктерін кеңейту Бөлме өсімдіктерімен таныстыру және тұқымын отырғызуга үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке оларды күтуге тәрбиелеу.	1	20.10
9.	Табиғат бұрышындағы су патшалығы	Баланың шамасына қарай, тірі тіршілік иелерін, табиғат бұрышындағы құстар, балықтар, сумен таныстыра отырып өздерінің ой – пікірлерін айтуға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында еңбекке тәрбиелеу.	1	27.10
10.	Экологиялық белгілер.	Туған өлкенің табиғатын бағалай білу туралы халық болжамдары жөнінде түсінік беру. Экологиялық белгілермен таныстыру, оларды естеріне сақтау. Табиғатты қорғауға баулу.	1	03.11
11.	Мөлдір су.	Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру.	1	10.11
12.	«Біз қалай тамақтанамыз»	Балалардың тағамдар жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Сүт тағамдарымен таныстыру, сүттің адамға пайдасы туралы түсінік беру. Сөздік қорларын дамыту, қарындашты қолдану дағдыларын дамыту Алғыс айта білуге, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	1	17.11
13.	«Көкөністер мен жемістер »	Жемістер мен көкөністерді ажыратып, оларды дұрыс айтуға үйреті. Көкөністер мен жемістер туралы білімін қорытындылау, оларды қайда өсетінің ажырата білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер алуан түрлі екендігі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Сынап сезу, ой қиялын дамыту. Үлкендерге өсімдіктер мен жемістерді өсіруге көмектесу ынтасын тәрбиелеу.	1	24.11
14.	Қыс ерекшеліктері	Балаларды қыс мезгілін сипаттау арқылы табиғат тамашаларымен таныстыру. Жыл мезгілдерінің өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1	08.11
15.	Қысқы табиғатқа саяхат	Балалардың қыс мезгілі және қысқы табиғат туралы білімдерін тиянақтау. Қысқы табиғаттың әсемділігін тамашалап, шығармашылық жұмыстарды орындау дағдысын қалыптастыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	15.12
16.	Ауа-райы болжамы	Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына (жаңбыр, қар, тұман, бұршақ, қырау) бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне байланысты ауа-райының күрт өзгеруін, ерекшелігін байқауға талпындыру.	1	22.12
17.	«Саябақта, орманда, өзіңді қалай ұстау керек?»	Табиғат аясындағы өз әрекеттеріне және қоршаған ортаға байланысты адам қылықтарына баға бере білуге дағдыландыру. Табиғат аясында өзін дұрыс ұстауды, экология ережелерін қайталап, табиғатқа аяушылық сезіммен қарауды	1	29.12

		үйрету, ойлау қабілеттерін, білімге деген құмарлықтарын, зейіндерін дамыту; табиғат байлығына күтіммен қарауға тәрбиелеп, экологиялық мәдениетті тәжірибе жүзінде іске асыру.		
18.	«Қыс қызығы»	Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін аңғара білуге үйрету. Тілдерін дамыту. Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін ажырата білуге үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	05.11
19.	Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі.	Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, сұраққа жауап алу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқорлық жасау керектігін ұғындыру.	1	12.01
20.	Көктем. Күз.	Көктем және күз мезгілімен таныстыру. Жыл мезгілдерін атай алуға үйрету. Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың танымдық білімдерін кеңейту. Көктем мен күздің өзіндік айырмашылығы мен әкелетін жаңалықтары жайлы айту. Олар туралы әңгіме құрай білуге дағдыландыру.	1	19.01
21.	Қыс. Жаз	Қыс пен жаздың айырмашылығын ажырату, салыстыру арқылы екі жыл мезгілінің өзіне ұнайтын жақтарын іріктеп алады.	1	26.01
22.	«Адам, табиғат, денсаулық»	Адам денсаулығының қоршаған ортамен байланысын анықтау. Қысқы жемалысты дұрыс ұйымдастыра білуге үйрету; Салауатты өмір салты туралы түсініктерін дамыту; Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.	1	02.02
23.	Қыстайтын құстар	Қыс мезгілінде жылы жаққа ұшып кетпейтін қыстап қалатын құстармен таныстыру. Қыстап қалатын құстар туралы балаларға айтып олардың немен қоректенетіні туралы айтып білімін жетілдіру. Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат байлығын қорғау сезімдерін дамыту. Табиғаттағы тіршілік иесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	09.02
24.	Орман, ағаштар	Табиғат туралы түсінік беру. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.02
25.	Наурыз-жыл басы.	Наурыз-жыл басы, күн мен түннің теңелуі, табиғаттағы қамқорлық мерекесі екені жөнінде түсінік беру. Көктем мезгілінде табиғаттың жаңаратынын мысалдар келтіру арқылы түсіндіру. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	23.02
26.	«Ғаламшардың әуе мұхиты»	Ғаламшар туралы түсініктерін кеңейту. Өлі және тірі табиғат арасындағы өзара байланысты, оның адамның іс-әрекетіне тәуелді екені туралы ұғымды анықтай алуға көмектесу. Адамзат өлі және тірі табиғат нысандары арасындағы өзара байланысты түсінуге, табиғатты тануға деген қызығушылықтарын дамыту; қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.	1	02.03

27.	«Бидайды бақылау»	Балаларды зерттеуге қызығушылықтарын арттыру, балаларды бидайды зерттеуге үйрету, зерттеушілік қабілетін дамыту, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	09.03
28.	Жасыл дәріхана.	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажет мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	16.03
29.	Жәндіктер ,	Балаларға жәндіктер жайлы түсінік беру. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, тілдерін жаттықтыру. Жәндіктерге қамқорлық сезіммен қарай білуге тәрбиелеу	1	23.03
30.	«Нәзік қанаттылар»	Жәндіктер туралы түсініктерін тереңдету, оларды бір-бірінен ажыратуға, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Жәндіктер туралы түсінік бере отырып, олардың түрлерімен таныстыру. Жәндіктердің әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы әңгімелеу. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Нәзік қанаттыларға деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	30.03
31.	Орманға саяхат.	Орман жөнінде білімдерін кеңейту. Бұталардың өсетін жерін, жемісінің емдік қасиетін білу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру. Танымдық қызығушылығын арттыру, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу	1	06.04
32.	Өсімдіктер- тірі табиғат бөлшегі	Гүлдердің өсіп-өнуі жайында түсінік беру. Гүлдердің түрлерін ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, тілдік белсенділік қызметін арттыру. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту. Тұғай елінің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке жастайыннан тәрбиелеу.	1	13.04
33.	«Қызыл кітапқа енген жануарлар».	Қазақстандағы Қызыл кітапқа енген жануарлармен (арқар, киік, барыс, қарақұйрық) таныстыру. Оларды сыртқы келбетіне қарай ажырата білуге үйрету. Табиғатты күтуге, аялауға тәрбиелеу.	1	20.04
34.	«Табиғатқа қалай көмек бере аламын?».	Жағымды мысалдар: орманда қайта қалпына келтіру, су көздерін тазарту, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғау. Саябақты, ормандың ластанудан, қоқыстан сақтау, көмек көрсету.	1	27.04
35.	Ғажайып алаң.	Гүлдердің көбеюі жайында түсініктері қалыптастыру, бөліктерін білу, гүлді суреттеу арқылы танып білуге үйрету. Гүлге деген сүйіспеншілігін арттыру, әсемдікке баулу.	1	04.05
36.	Флора әлемі.	Өсімдіктерге ылғалдың қажетті мөлшерде керектігін түсіндіру, адам өмірінде өсімдіктердің пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерге ылғалдың қажетті мөлшерде керектігін түсіндіру, адам өмірінде өсімдіктердің пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту. Табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Өсімдіктер дүниесіне деген жауапкершілік және ұқыптылық қарым-қатынасты қалыптастыру. Балаларды табиғатты сүйуге қызығушылығын арттыру	1	11.05